

## Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 233 қаулысы

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес санда офицерлер құрамының лауазымдарында әскери қызмет өткеру үшін әскери қызметке жарамды және оны өткермеген запастағы офицерлер заңнамада белгіленген тәртіппен 2015 жылы екі жыл мерзімге әскери қызметке шақырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2015 жылғы 14 сәуірдегі  
№ 233 қаулысына  
қосымша

## 2015 жылы әскери қызметке шақырылуға тиіс әскери-есептік мамандықтар бойынша запастағы офицерлер саны

Р / с №	Әскери-есептік мамандық	Саны
Офицер		
1.	Медициналық қызмет	125
2.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі	40
БАРЛЫҒЫ		165